

Д. Е. Көпежанова, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы, PhD;

Е. М. Баймұханов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫСТЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ

Аннотация. Мақалада негізгі көтерілген және түсіндірілген мәселелер — Қазақстандағы қоғаммен байланыс нарығындағы тенденциялар, PR-дың дамуы мен қалыптасу барысындағы мәселелер мен кейінгі кезеңде болған өзгерістеріне талдау жасалды, салыстырылды. Елбасының сол жайлы сөздеріне тоқталдық. Қоғаммен байланыстың институционалдық және ұйымдық базасын нығайту қажеттілігі айтылды.

Түйін сөздер: PR, ЭКСПО-2017, БАҚ, бәсеке қабілеттілігі, жарнама, институционалдық, ұйымдық база.

Президенттік-парламенттік басқару өз жемісін беріп, елімізде көптеген сәтті реформалардың жүргізілуіне себепші бола білді. Ал, ендігі жерде президенттік-парламенттік басқару нысанындағы Қазақстан өзіндік дамудың тағы бір жаңа жүйесін қалыптастырмақ. Бұл біздің еліміздегі саяси PR рөлін одан әрі жоғарылатады деп сенеміз. Себебі, кез келген демократиялық мемлекеттің басты ұстанған бағыты – ашықтық, пікір алуандылығы, сенімді таңдау жасау сияқты шаралардан тұрады. Қазақстан Республикасы да халық пен билік байланысын алдыңғы орынға шығаруы тиіс. Аталған екіжақты байланыс нәтижесінде сенімді саяси коммуникация құралдары жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы 1991 жылдан бері қарай ақпарат құралдары туралы заңнаманы ұдайы жетілдіруге күш салды. Сол жылғы 28 маусымда «Баспасөз және басқа бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң қабылданды. Ол елімізде мемлекеттік емес БАҚ-тың пайда болуына және жедел дамуына қолайлы жағдай туғызды. Ақпарат әлемінде бәсекелестік туды. Баспасөзбен эфирлерге жаңа мазмұн берген ірі медиа-бірлестіктер өмірге келді. Халықтың ақпарат алу және талдау мүмкіндігі молайды. Енді осы оң үрдісті одан әрі дамытудың құқықтық негіздері қажет бола бастады. Соған орай Елбасы 1997 жылғы 3 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының біртұтас ақпарат кеңістігін қалыптастыру туралы» Жарлыққа қол қойды¹. Президенттің тапсыруымен 1999 жылы жаңа заң күшіне енді. Көп ұзамай, 2001 жылы оған елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осы заңдардың қай-қайсы да БАҚ-ты демократияландыру, әлемдік талаптарға сай жетілдіру және саясаттан тыс дамуына жол ашу үшін барынша тиімді болғанына дәлел көп. Егер көрші төрт елдегі қазіргі күнгі БАҚ-тың санын есептесеңіз, бұдан бізден әлдеқайда аз болып келеді.

Елбасының сөзімен айтсақ: «Қоғамға шынайы ақпарат керек. Біріншіден, азаматтардың нақты өмірдің, сондай-ақ, көпірме сөздің қайда екенін, екіншіден, ақиқаттың және қарақан бастың қамы үшін бұрмалаушылықтың қайда екенін, үшіншіден, іскерлік, парасат, сондай-ақ пысықайлық қайда екенін, төртіншіден, халыққа қызмет етудің, сонымен бірге, билік үшін лас әрекеттің қайда екенін білуге мүмкіндік беретін ақпарат керек»². Сондықтан да, PR – тікелей билік пен қоғам арасындағы қатынаста өзара түсіністік танытып, екі жақты сенімді қалыптастыратындықтан қазіргі саяси жүйедегі бірден-бір тиімді технология болып табылады деп айта аламыз³.

2007 жылы 14 шілдеде Астанада қазақстандық БАҚ мен ҮЕҰ басшылары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы сайлау компанияларын бейнелеу кезінде әдептілік ережелерін ұстану Хартиясына қол қойды. Хартияны жасау мен қол қою бастамасы Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде болды. Аталған Хартия Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» және «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңдарына сәйкес жасалды⁴.

Жоғарыда қамтып өткен мәселелерді түйіндей келе, мынадай өзекті мәселелерді айтып өтеміз:

1. Қоғаммен байланыстың ашықтығын қамтамасыз ететін қазіргі заманғы құралдарын тәжірибеге енгізу мәселесі.
2. Қоғаммен байланыстың институционалдық және ұйымдық базасын нығайту қажеттілігі.
3. Қоғаммен байланыстың нормативтік құқықтық база жасаудың маңызы зор, сондықтан да тиісті заңнаманы жетілдіру қажет.
4. Қоғаммен байланыс қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге, ақпараттық сала үшін кадрлар даярлаудың, қоғаммен байланыс мамандары мен БАҚ-тың құқықтық қорғалу деңгейін арттыруға, қоғаммен байланыс саласының ахуалын жақсартуға байланысты мәселелер кешенін шешу қажеттілігі туындап отыр.
5. Теория мен практиканы ұштастыра отырып дамыту, мамандықтың беделін көтеру.

Қоғаммен байланыс қызметтерін жетілдіру елді әлемге белсенді таныстыру үшін шетелдік тәжірибені зерделеуге мүмкіндік береді. Сол себепті қоғаммен байланысты одан әрі ілгерілету үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың, электронды БАҚ-тың мүмкіндіктерін белсенді пайдалану қажет. Сонымен қоса, шетелде елдің жағымды беделін алға жылжыту мен дамыту мақсатында, сондай ақ алдағы ЭКСПО-2017 өткізу қарсаңында қоғаммен байланыс технологияларын одан әрі, өзінің нақты мағынасы мен талаптарына сай қолдануды арттыру мәселесін алға қоямыз.

Елбасы Н. Назарбаев осы орайда қоғаммен байланыстың қоғамдағы реформаларды жүргізу барысындағы маңыздылығын да ерекше атап көрсетеді: «Қоғамды реформалау ісі насихатшылар мен идеологтардың, оның ішінде, бірінші кезекте мемлекеттік қызметшілердің терең білімдер топтарына сүйенуі қажет. Олар қалың бұқараға, әсіресе жергілікті халыққа экономикалық стратегия мен тактиканы белсенді түсіндіріп, жеткізушілер болуға тиіс. Біліксіз, кертартпа көңіл күйдегі шенеуніктерді озық ойлы, саясаттану, әлеуметтану, психология негіздерін білетін, сенімі берік және қажырлы, терең пайымдауға және өз бетінше баға беруге қабілетті мамандар, нарықты басқара білетін адамдар ауыстыруға тиіс. Қоғамның саяси мәдениетін қалыптастыруға, оның прогресс жолымен дамуына көмектесетін имандылық идеяларын жүзеге асыруға білім беру жүйесі, ғылым, мәдениет, шығармашылық ұйымдары, бұқаралық ақпарат құралдары қатысуға тиіс»⁵.

Резюме

Авторы рассматривают тенденции развития рынка PR в Казахстане, а также анализируют последние изменения в области связей с общественностью.

Resume

In the article the author examines trends in PR market in Kazakhstan. Provides analysis of development and a PR, but also analyzes the latest developments in the field of public relations.

-
- ¹ «Қазақстан Республикасының біртұтас ақпарат кеңістігін қалыптастыру туралы» Жарлығы. 3 желтоқсан 1997 ж.
 - ² Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. http://akorda.kz/www/www_akorda_kz.nsf/start?OpenForm&lang=kz -
 - ³ Қазақстан Республикасының Жарнама туралы Заңы № 508-ІІ. 19 желтоқсан 2003 ж. (2007.19.06. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
 - ⁴ Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының сайты. http://election.kz/portal/page?_pageid=73,593561&_dad=portal&_schema=PORTAL
 - ⁵ Назарбаев Н. Тәуелсіздік белестері. — Алматы, 2003. — 120-б.